

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
050013, г.Алматы, ул.Байтурсынулы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

«01 » 11 2019 ж./г.

№ 2

ПРОТОКОЛ

АЭжБУ Тұлектер қауымдастыны Қамқоршылар кеңесінің отырысы

Алматы қ.

Қамқоршылар кеңесі мәжілісінің өтетін орны: Алматы қаласы, Байтұрсынұлы көшесі 126, «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ, «А» фирмалары, № 210 бөлме.

Қамқоршылар кеңесі мәжілісінің өтетін уақыты: 01.11.2019 ж. сағ. 15:00.

Қамқоршылар кеңесінің мүшелері: 25 адам, сонымен катар дауыс беру құқы бар 19 адам.

Қамқоршылар кеңесінің 15 мүшесі катысты, оның ішінде дауыс беру құқығына ие 4 адам (А.Н. Календарев, Е.А. Туткабаев, М.Г. Гамбургер, Е.С. Ильясов) күн тәртібіндегі мәселерді сырттай дауыс беру арқылы шешуге қатысты: бюллетендер қоса берілді (келу парағы қоса берілді).

Шақырылғандар: «АЭжБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серікбек Жұсупбекұлы Даукей.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков күн тәртібін жариялады. Жиналым бар.

ҚҰН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылар кеңесі құрамының жаңа мүшелерін бекіту.
2. 2019/20 оқу жылына арналған Қамқоршылар кеңесі отырысының жоспарын бекіту.
3. Тұлектер қауымдастыры қорының есебіндегі қаржылай қаражаттың сомасы туралы ақпарат.
4. Қауымдастық қорынан мұқтаж студенттерге (жетім балалар, ата-ана қамқорлығыныз қалған балалар) материалдық көмек сомасын қарастыру және бекіту.
5. Студенттерге атаулы стипендияларды қарастыру және бекіту.

000321



6. Энергетика, IT-технологиялар саласында білім алушыларды қосымша сертификаттау мәселелері.
7. Әртүрлі (АЭжБУ 45 жылдығын өткізу бойынша шаралар жоспары)
Процедуралық мәселелерді шешу: күн тәртібін және шешімдер қабылдау тәртібін бекіту.

Қамқоршылар кеңесі ШЕШТІ:

I. Келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. 1. Қамқоршылар кеңесі құрамының жаңа мүшелерін бекіту.
2. 2019/20 оку жылына арналған Қамқоршылар кеңесі отырысының жоспарын бекіту.
3. Тұлектер қауымдастыры қорының есебіндегі қаржылай қаржаттың сомасы туралы ақпарат.
4. Қауымдастық қорынан мұқтаж студенттерге (жетім балалар, ата-ана қамқорлығыныз қалған балалар) материалдық көмек сомасын қарастыру және бекіту.
5. Студенттерге атаулы стипендияларды қарастыру және бекіту.
6. Энергетика, IT-технологиялар саласында білім алушыларды қосымша сертификаттау мәселелері.
7. Әртүрлі (АЭжБУ 45 жылдығын өткізу бойынша шаралар жоспары)

Дауыс беру нәтижелері: Жақтаған - 15 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

1. Қамқоршылар кеңесінің жаңа құрамын сайлау және ҚК құрамын бекіту

Осы мәселе бойынша ректор Сауле Саветовна Сагинтаева сөз сөйлемді, ол Тұлектер қауымдастырының еріктілік, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялыштық негізінде әрекет ететіндігін атап өтті.

Қамқоршылар кеңесі құрамына келесі кандидатураларды енгізуді ұсынды:

1. Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов, «Степногорск Энергокомплекс» ЖШС компаниясының бас директоры;
2. Жаймухан Максутович Медетов, «КазНИПИЭнергопром» Институты » АҚ бас директоры;
3. Нурдаulet Рахимович Косбаев, «Мангистауэнергомунаї» ЖШС бас директоры;
4. Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебеков, «Crypto Consulting Group» CEO криптотрейдері, 50 Forbes тобына кіретін Қазақстанның ауқатты адамдарының капиталына кеңес береді және басқарады.
5. Абзал Айсултанович Калыгулов, Technology DXC корпорациясының Германиядағы ақпараттық технологиялар саласы бойынша кіші серіктесі.

Әр үміткердің түйіндемесі қоса берілді.



Мәселе талқыланғаннан кейін, дауыс беруге ұсынылды:

Дауыс беру нәтижелері: Жақтаған - 15 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша:

1. Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов, «Степногорск Энергокомплекс» ЖШС компаниясының бас директоры;
2. Жаймухан Максутович Медетов, «КазНИПИЭнергопром» Институты » АҚ бас директоры;
3. Нурдаulet Рахимович Косбаев, «Мангистауэнергомунаї» ЖШС бас директоры;
4. Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебеков, «Crypto Consulting Group» CEO криптотрейдері, 50 Forbes тобына кіретін Қазақстанның ауқатты адамдарының капиталына кеңес береді және басқарады.
5. Абзал Айсултанович Калыгулов, Technology DXC корпорациясының Германиядағы ақпараттық технологиялар саласы бойынша кіші серіктесі Қамқоршылар кеңесінің мүшелері болып бекітілсін.

Қамқоршылар кеңесінің қайта сайланған мүшесі «КазНИПИЭнергопром» институты» АҚ бас директоры Жаймухан Максутович Медетов өздерінің жұмыс істейтіндігі, бірқатар Шарттардың жасалғандығы, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатындығы туралы айта келе, Жылуэнергетика, электрэнергетика институттарының директорларын ақпараттық технологияларды басқару жүйесі өте қызықтыратынын байқағанын сөз етті және өзінің «КазНИПИЭнергопром» институты» АҚ атынан әлеуетті тапсырысын хабарлап, жақсы оқытын 25 бітірушіні дәл қазір жұмысқа қабылдай алатынын, оларды одан әрі диплом алды практикадан өткізіп, өздеріне жұмысқа орналастыра алатынын жеткізді.

Сондай-ақ, Қамқоршылар кеңесінің жаңа мүшесі «Crypto Consulting Group» CEO криптотрейдері Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебеков өзінің жетім және ата-ана қамқорлығының қалған балалар қатарындағы студенттерге материалдық көмек көрсетуде демеушілік ете алатынын және жаңартылатын көздер саласында энергетиканы дамытуға көмектесе алатынын, жаңа технологияларды әзірлеуде студенттерге қаржылай қолдау білдіре алатынын атап өтті.

Қамқоршылар кеңесі отырысының 2010-2020 оқу жылына арналған жоспарын бекіту

Күн тәртібі мәселесі бойынша Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков сөз сөйлемді, ол жаңа оқу жылында Кеңестің жылына 3-4 рет 3 отырыс өткізууді жоспарлап отырғанын айтты.



АЭжБУ Тұлектер қауымдастығының Қамқоршылар кеңесі отырысының 2019-
2020 оқу жылына арналған
ЖОСПАРЫ

№ п/с	Қарастырылатын мәселелер	Баяндаушы	Мәселені және шешім жобасын дайындауға жаупты
№1 ОТЫРЫС 2019 ж. ҚАЗАН-ҚАРАША			
1.	Қамқоршылардың жаңа құрамын қарастыру және бекіту		Институт директорлары, Смагулова Г.
2	Қамқоршылар кеңесінің 2019/20 ж. арналған жұмыс жоспарын бекіту		Институт директорлары Смагулова Г.
3	Қамқоршылар кеңесі отырысының 2019/20 оқу жылына арналған жоспарын бекіту		Институт директорлары Смагулова Г.
4	Тұлектер қауымдастығы қорының шотындағы қаржылай қаражат сомасы туралы ақпарат		Смагулова Г.
5	2019/20 оқу жылына жетім және ата-ана қамқорлығының қалған балалар қатарындағы студенттерге материалдық көмек сомасын қарастыру және бекіту		Институт директорлары Смагулова Г.
6	2019/20 оқу жылына аз қамтылған отбасыдан шыққан мүқтаж студенттерге атаулы стипендия қарастыру және бекіту		Институт директорлары Смагулова Г.
№2 ОТЫРЫС 2020 Ж. ҚАНТАР- НАУРЫЗ			
	2018/20 оқу жылында университеттің материалдық- техникалық және оку- зертханалық базасын дамыту жоспарын қарастыру		Институт директорлары Смагулова Г.



	АЭжБУ Тұлектерінің басшылығындағы ұйымдармен, мекемелермен өзара тиімді бірлескен шарттар жасау		Институт директорлары Смагулова Г.
	Университеттің жаңа білім бағдарламаларын және оларды кәсіпорын-тапсырышы кадрларының, серіктестердің қатысуымен жетілдіру келешегін қарастыру		Бітіртуші кафедра менгерушілері, АМД директоры
	АЭжБУ Тұлектерін одан әрі жұмысқа орналастыру үшін практикадан өткізу мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандарға сұранысының мониторингі		Институт директорлары Смагулова Г.
	АЭжБУ Тұлектерімен кездесу күніне арналған салтанатты жиналышты, университеттің 45-жылдығының мерейтойлық шарасын өткізуге ұсыныстар мен жоспарды қарастыру		Институт директорлары Смагулова Г.

№ 3 ОТЫРЫС 2020 ж. МАМЫР - ШІЛДЕ

	2019/20 оқу жылындағы Қамқоршылар кеңесі жұмысының қорытындысы туралы		Рахметова Г. Смагулова Г.
	Қауымдастық қорының құрылуды және өткен 2019/20 оқу жылындағы қордың шығындары туралы		Рахметова Г. Смагулова Г.

Мәселе дауыс беруге ұсынылды:

Дауыс беру нәтижелері: Жақтаған - 15 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

Қамқоршылар кеңесі ШЕШТІ:

2019/20 оқу жылына Қамқоршылар кеңесі отырысының жоспары бекітілсін.



2. Тұлектер қауымдастыры қорының есебіндегі қаржылай қаражат сомасы туралы ақпарат

Күн тәртібі мәселесі бойынша Қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Галия Сериковна Смагулова сөз сөйлемді, ол Тұлектер қауымдастыры қорының жалпы сомасы 31.10.2019 ж. бойынша **3 498 429,00 теңгені** құрайтынын атап өтті: Оның ішінде жыл басындағы қалдық - **2 958 900,00 теңге**;

Тұсken қаржы, барлығы - **1 327 769,00 теңге**;

Соның ішінде, АЭжБУ Жылу энергетика қондырғылары каф. менгерушісі А.А. Кибарин атынан демеушілік көмек – **200 000 теңге**.

Занды тұлғалардың мүшелік жарнасы - **200 000 теңге**:

«Электрокабель» зауыты, «Zhersu» ИПК;

Жеке тұлғалардың демеушілік көмегі - **385 500 теңге**;

Занды тұлғалардың демеушілік көмегі – **252 000 теңге** «Электрокабель» Зауыты;

АЭжБУ Тұлектер қауымдастыры атынан демеушілік көмек – **290 000 теңге**.

2019 жылдың 29 сәуірі Оразбек Тельбаевич Бекбас, АЭжБУ 1977 ж. бітірушісі, АЭжБУ Қамқоршылар кеңесінің мүшесі «Энергетика саласындағы кәсіподақ жән әлеуметтік серіктестік» тақырыбында қонақтық дәрісін оқыды. Ол кәсіподақ деген не екенін, бұл ұжымдық келісім екендігін, оның осы кәсіпорындағы маңызы туралы айтты. Әлеуметтік бағдардың да болу керектігіне тоқталды.

Соңында, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға демеушілік көмек ретінде **370 000** теңге сомасында куәліктер тапсырылды: «Казэнергопрофсоюз» ЖШС атынан – 5 студентке 50 000 теңгеден; «Энергосбыт», «АлЭС» және «АЖК» компаниясы атынан 3 студентке 40 000 теңгеден.

Институт директорларының растаушы құжаттары бар ұсыныстары бойынша берілді (отырыс хаттамасы қоса берілді).

Омирзак Кенжебекұлы Қенжебеков, 2012 жылғы бітіруші, жетім, 2018 жылы АЭжБУ Тұлектер қауымдастыры қорына қол қол – **1 495 000** теңге аударды.

Бұл материалдық көмек сомасынан 20 студентке әрқайсысына 63 000 теңгеден төленді. Бұйрық қоса берілді.

2019 жылы Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебеков Электр энергетика және электр техника институтының бес студентіне 20 000 теңге көлемінде бір реттік стипендия төлеу үшін өтініш бойынша қаржы аударды. У.К. Кенжебеков өтініші, университет бойынша №25 бұйрық қоса берілді.

Университет қаржысы есебінен **619 255** теңге көлеміндегі Ғұмарбек Жұсупбекович Даукеев атаулы стипендия РЭТк-15-5 тобының студенті Лаура Куанышбекқызы Даuletovaға төленді, №451 бұйрық қоса берілді, төлем мерзімі 26.09.2018 – 30.06.2019 ж.

Ұсынылған материалдарды қарап Қамқоршылар кеңесі **ШЕШТІ**:
Ақпарат мәліметке алынсын.

4. 2019/20 оқу жылында Тұлектер қауымдастығы қорынан жетім және ата-ана қамқорлығының қалған студенттерге материалдық көмек сомасын қарастыру және бекіту

Осы мәселе бойынша ректор Сауле Саветовна Сагинтаева сөз сөйлемді, ол 2019 жылы оқу жылы басталғаннан бері жетім және ата-ана қамқорлығының қалған балалар қатарындағы студенттер саны 16 адамды құрайтынын, олардың бәрі грантта оқитынын хабарлады. Студенттерді кәсіби өзін өзі дамытуға қажеттілігін, маманның практикалық дағдыларын үйренуге, қаржылық тәуелсіздікке үйрету мақсатында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар қатарындағы 4-курс студенттерін бітіргеннен кейін мақсатты жұмыспен қамту бойынша практикалық сабактарға жіберіп, жұмысқа орналасуға көмек көрсетуді жалғастыру ұсынылды.

Жетім және ата-ана қамқорлығының қалған балалар қатарындағы студенттер үшін материалдық көмек сомасын 2019 ж. мемлекеттік стипендия мөлшерінде 21000 теңгеде белгілеуді және төмендегі студенттерге 1.11.2019 ж. – 30.06.2020 ж. аралығында төлеуді ұсынамын:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Тобы
1	Кунанбаева Аяла Думановна	ЭЭк-17-3
2	Дюсебеков Амир Ерланович	ЭСХк-16-1
3	Кошанов Ербол Қайыржанұлы	Эк-16-2
4	<u>Көшенов Рахман Нариманұлы</u>	Эк-16-3
5	Көшекбай Сағымбек	ТЭк 19-2
6	Картавых Дмитрий Михайлович	ТЭ-17-4
7	Мұратбай Нұржан Бахытбекұлы	РЭТ-16-3
8	Берден Абылайхан Берденұлы	РЭТк-16-1
9	Курбанов Акимжан Адильжанович	АУ-16-6
10	Болат Ернар Болатович	АУк-18-10
11	Әділсары Асылбек Әділсарыұлы	СИБк- 18-3
12	Хамитов Альфариз	АУу-18-3
13	Нагибаев Рустам Зырянканович	ВТ-19-5
14	Орзимбаев Фарход Азимжон угли	СИБк-19-1
15	Базарбаев Омар Қайруллаұлы	АУк-18-9
16	Сексенбаев Мейіржан Сұлтанұлы	АУк19-14

Мәселе дауыс беруге ұсынылды:

Дауыс беру нәтижелері: Жақтаған - 15 адам, қарсы – жок, қалыс қалған – жок.

Ректор С.С. Сагинтаева хабарламасын тыңдал және талқылап, Қамқоршылар кеңесі
ШЕШТІ:

1. Тұлектер қауымдастығы қорынан жетім және ата-ана қамқорлығының қалған студенттерге ай сайынғы материалдық көмек сомасы әрқайсысына 21 000 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Көрсетілген материалдық көмек төлемі студенттерге стипендия берілетін күн іске асырылсын.
3. Жоғарыда көрсетілген студенттерге материалдық көмек 2019 жылдың 1 қарашасы мен 2020 жылдың 30 маусымы аралығына тағайындалды деп есептелсін.
4. Жетім және ата-ана қамқорлығының қалған балалар қатарындағы 4-курс студенттерінің практикадан өту кезінде жұмысқа орналасуына көмек көрсетілсін.

5. Мұқтаж студенттерге компаниялар атынан атаулы стипендия қарастыру және бекіту

Осы мәселе бойынша ғылыми және инновациялық қызмет проректоры Алмас Абжалиевич Саухимов сөз сөйледі, ол аз қамтылған отбасыдан шыққан студенттерге 2 атаулы стипендияның бекітілгені туралы хабарлады:

1. «Завод Электрокабель» ЖШС бас директоры, АЭИ бітірушісі, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі Борис Владимирович Артеменко атынан 252 000 теңге мөлшерінде;
2. АЭжБУ бітірушісі, Жылк энергетика қондырғылары кафедрасының менгерушісі, т.ғ.к., АЭжБУ профессоры Андрей Анатольевич Кибарин атынан 200 000 теңге көлемінде қаражат түсті.

Мемлекеттік стипендия мөлшеріндегі ай сайынғы 21 000 теңгеге ЭӘТИ, ЖӘЖТИ, БЖАТИ, ФИТКИ студенттерінің кандидатуралары ұсынылды.

Электр энергетика және электр техника институты конкурстық негізде «Завод Электрокабель» ЖШС бас директоры Борис Владимирович Артеменко атынан берілетін атаулы стипендияға 5B071800-Электр энергетикасы мамандығының 3-курсында грант бойынша ЭӘк-17-3 тобында оқытын Аяла Думанова Кунанбаеваны ұсынды, әлеуметтік жағдайы – жетім, оку кезеңіндегі орташа балы GPA-3.29 құрайды.

Басқару жүйелері және ақпараттық технологиялар институты АЭжБУ Жылу энергетика қондырғылары каф. менгерушісі А.А. Кибарин атынан берілетін атаулы стипендияғы конкурстық негізде 5B100200 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері мамандығының 2-курсында грант бойынша ЭЭ(ЭСС)-16-5 тобында оқытын Асылбек Әділсарыұлы Әділсарыны ұсынды, әлеуметтік жағдайы- жетім, оку кезеңіндегі орташа балы GPA-3.9 құрайды.

«Crypto Consulting Group» CEO криптотрейдері, АЭжБУ бітірушісі Өмірұзак Кенжебекулы Кенжебеков атынан төленетін атаулы стипендияғы 5B071800 Электр энергетикасы мамандығының 4-курсында толық ақылы негізде оқытын Шакирату Асылбекұлы Смағұлды ұсынды, әлеуметтік жағдайы – толық емес және көп балалы отасыдан шыққан (18 жастан төмен 3 бала), оку кезеңіндегі орташа балы GPA-2.85 құрайды.

Студенттер кандидатурасын тыңдал және талқылап, Қамқоршылар кеңесі
ШЕШТІ:

1. Төмендегі студенттерге ай сайын 21 000 теңге мөлшеріндегі атаулы стипендия берілсін:
 - 1.1. «Завод Электрокабель» ЖШС бас директоры, АЭИ бітірушісі, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі Борис Владимирович Артеменко атынан ЭЭк-17-3 тобының студенті Аяла Думановна Кунанбаеваға;
 - 1.2. АӘжБУ Жылу энергетика қондырғылары каф. менгерушісі А.А. Кибарин атынан СИБк-18-3 тобының студенті Әділсары Асылбек Әділсарыұлына;
 - 1.3. «Crypto Consulting Group» CEO криптотрейдері Ө.К. Кенжебеков атынан ЭЭ(ЭСС)-16-5 тобының студенті Шакират Асылбекұлы Смағұлға.
2. Жоғарыда көрсетілген атаулы стипендиялар төлемі Тұлектер қауымдастырылғы қорынан студенттерге стипендия берілетін күні төленсін.
3. Атаулы стипендия 2019 жылдың 01 қарашасы мен 2020 жылдың 30 маусымы аралығына тағайындалды деп есептелсін.

Дауыс беру нәтижелері: Жақтаған - 15 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ..

6. Энергетика, IT-технологиялар саласында білім алушыларды қосымша сертификаттау мәселелері

Осы мәселе бойынша ректор Сауле Саветовна Сагинтаева сөз сөйледі, ол қазіргі оқыту технологиясы бакалаврларды, магистрлер мен PhD докторларының дайындастынын, кәсіпорындар мен басқа үйымдар инженер куәлігін берумен біліктілігін арттырады. Бұл коммерциялық қызығушылық көп жерде олар үшін мүмкіндік. Бізде Мемлекеттік аттестаттау құрамына диплом жұмыстарын қорғауда ұсыныс бар, оларда инженер куәлігін беру жобалық қызметін қосатын нақты бөлім бар, комиссия құрамына Қазақстан электр энергетика қауымдастырылған қолдауымен өндірісшілерді қосады, Біліктілік арттыру институты арқылы нормативті актілерді ескере отырып, біз де инженерлер дайындауға құқылымыз, мұнда салалық кәсіпорынсыз тағы істей алмаймыз. ИПК-мен және кеа-мен бірге Сертификаттау орталығын ашып, дипломмен бірге инженер куәлігін де беру қажет. Бұл біздің Тұлектер үшін өте тиімді әрі жұмыс беруші де сертификатталған білікті маманды жұмысқа қабылдар еді. Ғылыми зерттеулерді одан әрі дамыту және енгізу мақсатында кәсіпкерлік бизнесін құру жоо тұрақты дамуына септігін тигізер еді деп атап өтті ректор. Кеа-ға хат жолдап, осы мәселені шешу қажет деп шешті қамқоршылар кеңесі.

7. Әртүрлі

7.1. (АӘжБУ 45-жылдығын өткізу бойынша шаралар жоспары

Барлық шаралар университеттің 45-жылдығына орайластырылған, БАҚ шақыру, фейсбук, контакт т.б. сияқты әлеуметтік желілерде АӘжБУ 45-жылдығы төсбелгісін жариялау, осы жолмен біздің жоо таныту, қазақстанның барлық

компанияларына біздің АЭжБУ логотипі белгіленген жейдешелер тарату, мамыр айының соңғы сенбісінде көрнекті Тұлектерге диплом беруді ұйымдастыру жопарлануда. Энергетика министрлігі арқылы мемлекеттік марапаттарға, кең арқылы еңбек сінірген энергетик атағына қол жеткізу.

№№	Шара атауы	Жауапты орындаушылар
1	ЖОО құрылу тарихы	Проректорлар, институт директорлары, бітіртуші каф. менгерушілері, ҚҚ
2	Магистранттар мен докторанттардың ғылыми конференциялары	институт директорлары, бітіртуші каф. менгерушілері
3	Қоғамдық-спорттық шарапалар	институт директорлары, бітіртуші каф. менгерушілері
4	Маркетингтік өнімдерді сатып алу	Маркетинг департаменті, Қаржыны басқару департаменті, ҚҚ
5	Тұлектер кездесуі, Наурыз, Мұражай....	Проректорлар, институт директорлары, бітіртуші каф. менгерушілері, ҚҚ

Жұмысшы тобы құрылды: «Казэнергопрофсоюз» АҚ О.Т. Бекбас, «АлЭС» С.А. Калиев, «АЖК» М.А. Үмбетов, «КазНИПИЭнергопром» институты» АҚ Ж.М. Медетов, проректорлар, институт директорлары; алдын ала бюджет жасалды.

7.2. «Қазэнергокәсіподағы» ҚБ атынан «АЭжБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серікбек Жұсупбекұлы Дәүкейді «Құрмет белгісі» медалімен марапаттау

Осы мәселе бойынша «Қазэнергокәсіподағы» ҚБ төрағасы Оразбек Тельбаевич Бекбас сөз сөйлемді. «Біз Қазақстан салалық энергетиктер кәсіподағы ретінде жағдайды бақылап отырамыз. Осы 2-3 жылда мен 98 кәсіпорында аралап шықтым, біздің Тұлектерімізді Өскеменде де, Атырауда да, Семейде де т.б. қалаларда да кездестірдім, олармен туыс ретінде тығыз араласып отыруға тырысамын. Мен энергия институтының бітірушісі, қызметкері, комсомол комитетінің хатшысы ретінде университетпен әрқашанда байланыста болдым. Ғұмарбек Жұсупбековичпен өте жақсы қатынаста болдық. Мен үшін университет өте ыстық.

Біз «Құрмет белгісі» медалін дайындағы, ол кәсіпорындардың әлеуметтік серіктестігі үшін, кәсіподақ комитетімен, инженер-энергетик мамандарын дайындастын ұйымдармен байланыста болғаны үшін жұмыс берушіге беріледі. Сіздердің бакалаврларға инженер сертификатын беру бастамаларының өте орынды. Бұл жұмыста бірінші кезекте ректордың, оқытуыш-профессорлар құрамының, балық ұжымның рөлі үлкен. Соңғы жылдарда осы процесті құрметті Серікбек



Жұсупбекұлы Дәүкей төрағалық ететін Директорлар кеңесі басқарып отыр. Осы ретте, үстіміздегі жылдың 21 мамырынан бастап атқару комитеті шешімімен ҚР энергетика саласына әлеуметтік бағытта жұмыс істейтін инженерлер дайындауда қомақты үлес қосқаны үшін Директорлар кеңесінің төрағасы Серікбек Жұсупбекұлы Дәүкейді «Құрмет белгісі» медалімен марапаттаймын.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков өзінің қорытынды сөзінде Кеңес мүшелеріне барлық қолдаулары үшін, жоғары білікті мамандар даярлауда жемісті ынтымақтастық орнатқаны үшін, өндірістермен жооның тығыз байланысын нығайтқаны үшін алғысын білдірді.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы

А.Искаков

Қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы

Г.Смагулова